# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 592 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.21. N 678 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 592 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 15, 166-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесінде:

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі)", "Қаржы министрлігінің", "Қаржы министрлігіне" деген сөздер "Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган", "бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның", "бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес өткен жыл үшін республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді және бір мезгілде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мынадай ұсыныстар береді:";

11-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

12-тармақтың бірінші абзацындағы "орталық атқарушы" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

16-тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы "көрсетіледі" деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: ". Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша паспорттың жобасы инвестициялық жобаны іске асырғаннан бастап өткен кезең ішінде игермеген сомаларды бөліп көрсетумен инвестициялық жобаның толық құнын, ағымдағы қаржы жылына және инвестициялық жобаны іске асыру аяқталғанға дейін

кейінгі жылдарға жоспарланған сомаларды қамтуы тиіс";

7) тармақшаның екінші абзацындағы "көрсеткіштерді" деген сөздің алдынан " сандық және сапалық" деген сөздермен, "деңгейін" деген сөзден кейін "және оның тиімділігін" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Олар бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын қоса берумен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, сондай-ақ өткен жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпарат ағымдағы жылдың 15 маусымынан бастап Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қорытындының нысанын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

19-тармақта "қорытындыларын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысы туралы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпаратын" деген сөздермен толықтырылсын;

34-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Олар бойынша жергілікті уәкілетті органның қорытындысын қоса берумен облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, сондай-ақ ағымдағы жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудағы нәтижелері туралы ақпарат ағымдағы жылдың 25 мамырынан бастап облыстың бюджеттік комиссиясының қарауына енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша жергілікті уәкілетті орган қорытындысына нысанын облыстың жергілікті уәкілетті органы айқындайды.";

51-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Олар бойынша жергілікті уәкілетті органның қорытындысын қоса берумен аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, сондай-ақ ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап өткен жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпарат ауданның (қаланың) бюджеттік комиссиясының қарауына енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік

өтінімдері бойынша жергілікті уәкілетті орган қорытындысының нысанын ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы айқындайды.";

Ережеге 3-қосымша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК